

Жеке кәсіпкер

Индивидуальный предприниматель

«Сұңқар» БАЛАБАҚШАСЫ

ДЕТСКИЙ САД «Сұңқар»

г.Жаңаөзен, мкрАксу, ул.Өтепқали Тәжіғалиев 84/1үй , , БИН 680419302699, сот: 87028110081.

Бұйрық № 1н/к

28.08.2024ж

Педагогикалық кеңес құру және оның құрамын бекіту туралы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру

ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі

міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған «Сұңқар» жекеменшік бөбекжайының Педагогикалық кеңесі келесі құрамда құрылсын және бекітілсін:

Терайымы: Г.Есимова - директор;

Хатшысы: Г.Колатова - әдіскер;

Мушелері:Д.Ризбаева,М.Елубаева,Г.Колатова

2. Педагогикалық кеңестің хатшысы лауазымына Колатова Гулдана тағайындалсын және оған кеңес отырысының хаттамаларын уақытылы рәсімдеу ,құжаттар жинағын реттеу міндеттелсін.

3. Педагогикалық кеңестің қызметі келесі бағыттарға негізделсін:

* Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының орындалуын бақылау;

* Балабақшадағы экологиялық мәдениет пен «Жасыл балабақша» жобасының іс-шараларын жүзеге асыру;

* Балалардын тәрбиесіне ұлттық құндылықтар мен ұлттық ойындарды интеграциялау.

4. Педагогикалық кенес отырыстары екі айда бір реттен кем емес жиілікпен, бекітілген кестеге сай өткізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз міндетіме аламын.

Бөбекжай директоры:



Г.Есимова

Педагогикалық кеңес № 1

Өткен күні: 05.08.2024

КҮН ТӘРТІБІ:

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы

Жауапты: меңгеруші Г.Х.Есимова

2. Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі

Жауапты: медбике С.Қойжанова

3. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы

Жауапты: әдіскерлер Г.А.Колатова

4. 2024 - 2025 оқу жылына бөбекжай-бақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.

Жауапты: меңгеруші Г.Х.Есимова

5. Жаңа 2024 - 2025 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.

Жауапты: меңгеруші Г.Х.Есимова

Әдіскер: Г.А.Колатова

6. Күн тәртібін, ҰІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.

Жауапты: меңгеруші Г.А.Колатова

7. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырма беру және бекіту.

Жауапты: директор Г.Х.Есимова

8. Аттестация комиссиясының құрамын сайлау.

Жауапты: меңгеруші Г.Х.Есимова

9. Дамыту орталықтарының құрамын бекіту.

Жауапты: меңгеруші Г.Х.Есимова

10. Әртүрлі тақырыптарды талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Бөбекжай-бақша меңгерушісі Г.Х.Есимова сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.
2. 2024 - 2025 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
3. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.
4. Әрі қарай әдіскерлер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.
5. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психолог таныстырып өтті.
6. Жаңа 2024 - 2025 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және 2024 - 2025 оқу жылына бөбекжай-бақша міндеттерін меңгеруші Г.Х.Есимова бекітті.
7. Күн тәртібін, ҰІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші Г.Х.Есимова бекітті.
8. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырманы беріп меңгеруші Г.Х.Есимова бекітті.
9. Сарапшылық кеңестің құрамын меңгеруші Г.Х.Есимова сайлады.
10. Аттестация комиссиясының құрамын меңгеруші Г.Х.Есимова сайлады.

11. Дамыту орталықтарының құрамын меңгеруші *Г.Х.Есимова* бекітті.
12. Шығармашылық топ мүшелерін меңгеруші *Г.Х.Есимова* сайлады.
13. Педагогикалық этикет бойынша кеңестің мүшелерін меңгеруші *Г.Х.Есимова* қосымша сайлады.
14. Әртүрлі мәселелер талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. «Сұңқар» бөбекжай-бақша меңгерушісі *Г.Х.Есимова* жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. 2024 жылғы бөбекжай-бақшаның түлектерінің қала мектептеріне түсу қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Қорытынды педагогикалық кеңесіне бірінші сынып оқушылары балабақша түлектерінің оқу нәтижелерін бақылау және жариялау. Жауапты - тәрбиешілер: *М.Елубаева; Д.Ризбаева;*
5. Балабақшаға жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Психологтың ұсыныстары ескерілсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырсын.
6. 2024 - 2025 оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
7. Жаңа оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
8. Күн тәртібі, ҰІӘ кестесі бекітілсін.
9. 2024 - 2025 оқу жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.
10. Тәжірбиелік алаңдарға арналған топтар бекітілсін.

11. Дамытушы орталықтар бойынша бөлінген педагогтер бекітілсін;

12. Сараптамалық кеңестің құрамы бекітілсін:

Төрайымы – Г.Х.Есимова;

Кеңес мүшелері – Г.А.Колатова;

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Исенбаева Ж;

13. Шығармашылық топ бекітілсін

Жетекшісі Г.Х.Есимова;

Топ мүшелері – Г.А.Колатова; А.Халимбетова.

Хатшы - Г.А.Колатова.

14. Хатшылар бекітілсін,

Педагогикалық кеңестің хатшысы – Г.А.Колатова;

Меңгеруші жанындағы өндірістік жиналыс хатшысы -
Г.А.Колатова; ;


Семинарлар, кеңестер хатшысы - Г.А.Колатова;

Ашық есіктер хатшысы - Г.А.Колатова;.

15. Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.

16. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Г.Х.Есимова; 

Хатшы: Г.А.Колатова 

Педагогикалық кеңес №2

Өткен күн: 21.10.2024

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, жанды және жансыз табиғат объектілерін, құбылыстарын білуге қ ұштарлығы мен саналы - дұрыс қатынастарын дамыту».

Күн тәртібі

1. №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы. *Жауапты: Г.Х.Есимова*
2. Топ балаларының І-ші квартал бойынша сырқат қорытындысы. *Жауапты: медбике Ж.Оразова*
3. Педагогикалық шеберлік апталығын талдау. *Жауапты: Г.Колатова.*
4. Экологиялық бейне ойындар сайысының қортындысы. *Жауапты: әдіскерлер.*
5. Кітаптар көрмесінің қортындысы. *Жауапты: Г.Колатова.*
6. Серуеннің картотека көрмесі. *Жауапты: М.Елубаева; Д.Ризбаева.*
7. Педагогикалық әдеп бойынша комиссия мүшелерінің таңдау. Әр түрлі.
 - а) Педагогикалық кеңес хатшысын қайта сайлау.
 - б) Жаңартылған бағдарлама бойынша жұмыс жасайтын қосымша топтарды бекіту.

Шешімі

1. І тоқсан бойынша топ балаларының аурушандықтарын талдау қанағаттанарлық деп саналсын. Бөбекжай-бақшаның барлық қызметкерлері карантиндік сақтық шараларын сақтасын.

Педагогикалық шеберлік аптасы бойынша талдау қанағаттанарлық деп саналсын.

Ұсыныстар:

- Балаларға экологиялық білім беру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Балалардың сөйлеу қабілетін арттыруға ерекше назар аудару.
- Балаларға ашық (жуан) сұрақтар қою арқылы өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.
- Педагогтерге сөйлеу сауаттылығын бақылау. Педагогтердің ҰІӨ бойынша кәсіби шеберліктерін бағалау қорытындысы.

№	Педагогтердің аты-жөні	Қорытынды
---	------------------------	-----------

	Фамилия, имя, отчество педагогов	Итог
1.	Ризбаева Дузельхан	жақсы
2.	Колатова Гулдана	жақсы
3.	Елубаева Марина	жақсы

2. Балалардың психологиялық диагностикасының нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Тәрбиешілерге психологтың ұсыныстарын орындасын.

- Педагогтерге ақпараттық технологияларды игере отырып, өзін-өзі дамытуға ұмтылу.

- Бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерін жан-жақты дамыту үшін бейнеойынды мүмкіндігінше көп қолдану.

3. Кітап көрмесінің қорытындысы бойынша марапатталды:

Ұсыныстар:

- Кітап көрмелеріне қатысқанда тәрбиешілерге тақырыпқа сәйкестігін, көрнекілік және мәтіндік материалдардың балалардың жас ерекшелігіне сәйкес болуына, сонымен қатар дизайндағы эстетикаға ерекше назар аудару.

- Шығармашылық пен креативтілікті көрсете отырып, ата-аналарды кітап жасауға тарту. Ата-аналарға тақырыптың нақты мәнін жеткізу.

4. Серуеннің картотекалары көрмесінің нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Ескертулер болған топтардың тәрбиешілері түзету жасап, 23.10.25 дейін тапсыру. *жауапты әдіскерлер.*


Хатшы: Г.А.Колатова

5. Педагогикалық кеңестің хатшысы *Г.А.Колатова* қайта сайлансын.

Хатшы Г.А.Колатова бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Г.Х.Есимова



Хатшы:

Г.А.Колатова



**«Сұңқар» МКҚК педагогикалық кеңесі отырысының
№3 хаттамасы
Қатысқандар:6**

Өткен күні: 23.12.2024

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары».

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін талдау. 2024-2025 оқу жылының II жартыжылдығына арналған бағдарламалық мазмұнды игеру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау.

Күн тәртібі

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімін орындау туралы.жауапты *Г.Х.Есимова*
«2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел.

2. «№3 педагогикалық кеңеске салыстырмалы бақылау нәтижелері» балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары». жауапты/*Г.А.Колатова*.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 12.11.2021. № 561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу. 2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау. жауапты/*Г.Х.Есимова*.

7. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен танысу жауапты/ *Г.Х.Есимова*.

Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру. жауапты/меңгеруші *Г.Х.Есимова*.

Тындады:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші *Г.Х.Есимова* сөз сөйледі.

Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын. - «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелері бойынша:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта карау, оларды сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалы картотекаларға сәйкес жаңартылсын және жүйеленсін.
- Тәрбиешілер әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, ойын іс-әрекетінің дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу жұмысын жүргізісін.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Бұдан әрі «2024-2025 оқу жылының І жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Екінші мәселе бойынша әдіскерлер Г.А.Колатова «Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары» салыстырмалы бақылау нәтижелерін жариялады.

(анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Үшінші мәселе бойынша қатысушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары және шарттарымен танысып, 2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын **қайта сайлау туралы мәселені талқылады.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарын жаңартуға байланысты аттестаттау комиссиясы мен сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау қажеттігін түсіндіріп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын қарауға ұсынды. Сайлау үшін келесі кандидатуралар ұсынылады:

Аттестаттау бойынша комиссия құрамы:

Комиссия Төрағасы: Г.Х.Есимова меңгеруші



Комиссия мүшелері:

М.Елубаева тәрбиеші педагог

Д.Ризбаева тәрбиеші педагог

Хатшы: Г.А.Колатова (әдіскер)



Қатысушылар комиссия мен кеңестің құрамын бірауыздан мақұлдады.

Жетінші мәселе бойынша меңгеруші Г.Х.Есимова қатысушыларды білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен таныстырды, жұмыс қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

Шешім:

1. «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелеріне сәйкес 2 педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыру:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оны сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалын картотекаларға сәйкес жаңарту және жүйелеу.

- Тәрбиешілерге әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу бойынша жұмыс жүргізу.

2. Балалардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

14.11.2025дейінгі мерзім, жауапты/балабақша педагогтері

3. Екінші жартыжылдықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын көру қабілеті бұзылған балаларға арналған түзету топтарының сапалы игеруін қамтамасыз ету. Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

14.11.2025 дейін мерзім. жауапты/түзету топтарының педагогтері.


5. Инклюзивті білім беру кабинетіне баратын балалардың екінші жартыжылдықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету. Балалардың дағдылары мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

14.11.2025дейін мерзім. жауапты/балабақша мен инклюзивті білім беру кабинетінің педагогтері

6. Аттестаттау бойынша комиссияның құрамы бекітілсін:

Аттестаттау бойынша комиссия құрамы бекітілсін:

Комиссия Төрағасы: Г.Х.Есимова. меңгеруші



Комиссия мүшелері:

М.Елубаева тәрбиеші педагог

Д.Ризбаева тәрбиеші педагог

Хатшы:

Г.А.Колатоватәрбиеші

Төраға:Г.Х.Есимова

Хатшы:Г.А.Колатова

Есимова
Колатова

**№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Бөбекжайдағы іс-
әрекет процесі»**

Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмыстарының
жетістіктері мен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

**№ 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің
орындалуы.**

Өткізген күні: 27 наурыз 2025 жыл

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. № 3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің
орындалуы.

Бөбекжай меңгерушісі: Г.Х.Есимова

2. Баяндама: «Инновациялық технология арқылы балалардың
шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту»

Тәрбиеші: Д.Ризбаева

3. Тренинг. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы
туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау,
тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру.

Әдіскер: Колатова Г.А

4. «Менің педагогикалық жаңалығым»

Логопед: -

5. «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағаты.

Тәрбиеші: М.Елубаева

6. «Сөйлейтін қабырға» стенді бойынша шеберлік сағаты

Тәрбиеші: Д.Ризбаева

8. Әр түрлі мәселелер

Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

2024-2025 оқу жылының №3 педкеңесі дәстүрден тыс өтті. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Рустамбекова М. сөз алды. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып, жақсы деген баға берді. Педагогтар арасындағы әріптестің қарым-қатынас бойынша ескертпелер туралы айтылды. Топтарды орталықтарға бөлу бойынша бірнеше нұсқаулар берілді. Орталықтарды ары қарай жандандыра беруді тапсырды.

Екінші мәселе бойынша «Инновациялық технология арқылы балалардың шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында М.Елубаева баяндама оқуы тиіс еді, дайын болмағандықтан №5 педкеңеске қалдырылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Колатова Г.А. «Бақытты отбасы» тренинг өткізді. Мақсаты: тәрбиеленушілерден қазіргі заманғы отбасы туралы нақты жағдайларға идеалды көзқарастарды талдау, тәжірибесін басқаларға өнеге ету, біліктілігін жетілдіру. Жас ата-аналарға нұсқау берудегі тәрбиешілердің ұстануы тиіс бірнеше ережелермен таныстырды. «Бақытты болудың» және «Бақытты отбасы» кұрудың критерийлері талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша «Менің педагогикалық жаңалығым» тақырыбындағы шеберлік сағаты да дайын болмағандықтан №5 педкеңеске қалдырылды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Д.Ризбаева «Инновациялық әдіс-тәсілдер» шеберлік сағатын өткізді. Кіші және ортаңғы топ балаларына арналған ойын түрлерімен таныстырды, жылжымалы түрде жасалынған ойын түрлерін таныстырды. Әріптестері сұрақтарын қойып, шеберлік сағаты өте жақсы көрстілді.

Алтыншы мәселе бойынша тәрбиеші «Сөйлейтін қабырға» стенді бойынша шеберлік сағатын көрсетті. Жылжымалы сөйлейтін қабырға беттеріндегі ойындардың ойналу тәртібі мен мақсаттарымен таныстырды. Әріптестерінің сұрақтарына жауап беріліп, шеберлік сағаты талқылаумен аяқталды. Педагогтар өздеріне ерекше әсер алды, сөйлейтін қабырғалардың қажеттілігін білді.

Жетінші мәселе бойынша жас тәрбиеші Д.Ризбаева «Бөбекжайдағы жас педагог мамандарынан іс-тәжірибе» көрсетті. Іс-тәжірибе

барысында ұлттық құндылықтарды негізге алып, «Қазан асық ойыны» таныстырылды. «Өрнектер мен текше» жаңа ойыны таныстырылып, педагогтар ойынның ойналу ережесімен танысты. Әріптестерінің сұрақтарына жауап беріп, әр педагог өзіне қажетті идеялар алды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Колатова Г.А топтардың ішкі безендірілуі мен орталықтарға бөлінуге байланысты баға берілді. Топтардың айлық жұмыстары бойынша есептерді уақытында тапсырып, өткізіп отыруды ескертті. Аудандық семинардың өткізілу уақыты белгіленді. 30 сәуір аудандық семинар күні болып бекітілді. Бөбекжай меңгерушісі Есимова Г.Х. ішкі тәртіп пен 2024-2025 оқу жылының аудандық семинарына байланысты нұсқаулар берілді. Төлемақыны уақытында төлетіп отыруды тапсырды, педагогтар арасындағы әріптестік қарым-қатынастарды нығайтуға тапсырды. Бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатуды сұрады. Педагогикалық кеңес қорытындыланды, шешім шығарылды.

№4 педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тапсырылмаған тапсырмалар мен циклограмма жазылмағаны үшін әдіскерден түсінік хат басшыға түскен жағдайда еңбек ақысынан шегерілсін.

2. Семинар 30 сәуірге белгіленсін, ұйымдастырылған іс-әрекеттерге дайындалсын.

3. Топтар мен залдар безендірілсін, дамытушы орталықтар толықтырылсын.

4. Семинар жоғары деңгейде өткізілсін.

5. Әріптестер арасында өзара тілтабысулық, бірлік болсын. Ұжым тәртібіне бағынышты болсын, Келесі келеңсіз жағдайда бөбекжай тәртіп ережесін бұзса басшы тарапынан ескерту жазылсын.

6. Күн режимі бақылауға алынсын.

Директор:



Г.Есимова

№ 5 педагогикалық кеңестің отырысы

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылында жылдық міндеттердің іске асырылуы, жылдық қорытынды»

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылындағы педагогтар мен тәрбиеленушілердің жетістігін саралау, жылдық жоспар бойынша жұмыстарға қортынды шығару, педагогтардың кәсіби шеберліктерін талдау жасау.

Өткізген күні: 26 мамыр 2025

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

Меңгеруші: Есимова Г

2. 2024-2025 оқу жылындағы балалардың білім сапасы туралы есеп

Әдіскер Колатова Г

3. «Бала үні» коучингі. «Қарындаштың бес қыры» әңгімесі бойынша талдау

Әдіскер Колатова Г

4. Педагогтардың жылдық есебіне талдау жасау.

Барлық педагогтар

5. Кері байланыс

6. Әр түрлі мәселелер

7. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау

1. Бірінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы меңгеруші Г.Есимова тоқталып, қабылданған шешім қорытындысында қабылданған іс-шаралардың орындалғанын және атқарылған шаруаларға өте жақсы деп баға берді.

2. Әдіскер Колатова Г.А 2024-2025 оқу жылындағы жетістіктерге тоқталып, мониторинг бойынша білім сапасына тоқталып өтті. Бөбекжай тәрбиеленушілерінің жалпы саны – 50, қорытынды бақылау парақтары бойынша жоғары деңгейдегі балалардың пайыздың көрсеткіші физикалық қасиеттерді дамыту дағдысы бойынша - 91%, коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша - 78%, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша - 79%, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша – 81%, әлеуметтік-эмоционалды

дағдыларды қалыптастыру бойынша - 84 % білім көрсеткішін көрсетті. Бөбекжай педагогтары аудандық, облыстық, республикалық дәрежедегі бірнеше дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталғанын атап өтіп, әрқайсысына жеке тоқталды.

3. «Бала үні» коучингін әдіскер Колатова Г.А жүргізді. Педагогтарға үш топқа бөлініп отыруды ұсынады. Бүгін біз бала үнін ғана естіп қоймай педагогтардың үнін тыңдайтын боламыз деді. 3 топқа мыжылған қағаз берілді. Осы мыжылған қағаздан бір зат жасап беруді сұрады. Бірақ мыжылған қағаздан әдемі зат шықпады, мақсатсыз берілген тапсырма болғандықтан ештеңе дұрыс шықпаған айтты. Егер педагог мақсатты түрде барлық іс-әрекеттерді ұйымдастырса, жұмыстарының табысты болатынын айтты. Одан соң таза ақ қағаздар таратылды, қағаздардан бала бейнесін жырту әдісімен ешқандай қайшы қолданбай, бала бейнесін жасауды сұрады. Бұл жерде әр педагог өзінше бала бейнесін жасап шықты. Әр педагогтың ерекше тұлға екенін, әрқайсысы бөлек әлем екенін, бір-бірімен салыстыруға келмейтіндіктерін атап өтті.

«Қарындаштың бес қыры» әңгімесін оқып берді. Мәтін мазмұнының бойынша талдау жасалды. «Әжесі неліктен немересінің қарындашқа ұқсағанын қалады?» деген сұраққа топпен жауап берді. «Бұл жерде педагогтардың қандай 5 қыры басым болғанда жұмыстарыңызда табысты боласыздар?» талқылау сұрағына жауаптарын дайындап, топтық жұмыс жүргізілді.

Қарындаштың бес қыры:

- 1 қыры – бағыттаушы қолы
- 2 қыры – төзімділік
- 3 қыры – қателігін түзету. (өзінен және тәрбиеленушіден)
- 4 қыры – ішкі дүниенді бақыла
- 5 қыры – із қалдыру

Бұл жердегі қарындаштың бес қырының әрқайсысына тоқталып өтті.

4. Педагогтардың жылдық есебіне талдау жасау бөлімі бойынша әр топқа үш түрлі тапсырма берілді. Бірінші топ: барлық педагогтардың жылдық есебімен танысып, талдау жасады, қорытынды шығарды. Екінші топ: педагогтар арасындағы тәжірибе алмасу, баланы қызықтырудағы әдістер, ішкі тәртіп ережелерін талдады. Үшінші топ: 2025-2026 оқу жылына жылдық жоспар құрды.

Әр топ өзіне берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып талдау жұмыстарын жүргізді. Әр тақырып бойынша өз критерийларын қорғап, өз ойларын жеткізді. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының орындалуы бойынша есеп берді.

5. Кері байланыс жасау үшін педагогтарға GOOGLE форманың сілтемесі таратылады. Әр педагог бүгінгі педагогикалық кеңестен алған әсерлерін

жазып қалдырды. Кері байланыс жауаптарын әдіскер Колатова Г.А оқып шықты.

6. Әр түрлі мәселелер бойынша меңгеруші Есимова Г.Х сөз алып, педагогтардың 2024-2025 оқу жылындағы жұмыстарына бағасын беріп, алдағы еңбек демалыстарының жақсы өтуіне тілектестік білдірді. Педагогтардың білімін бағалау бойынша (ПББ) педагог-модератор ПББ өте алмаған педагогтарға шілде айында қайта тестілеуге баруды ескертті. Топтардағы балалардың тазалығы мен бөбекжай төлемақысын уақытылы төлеу қажеттігі айтылды. Еңбек демалысына кететін педагогтарға кету парағын толтыру қажеттігі ескерілді, барлық құжаттамалардың дұрыс толтырылуын әдіскер Колатова Г.А -ға тапсырды.

7. Педкеңес қорытындысы бойынша меңгеруші Есимова Г.Х сөз алды. Барлық топтардағы құжаттамалардың уақытылы орындалғанын айтты. Бүгінгі педкеңестің жаңашыл форматта өткізілгенін баса айтты. Әдіскерге жаңашылдығы үшін алғысын білдірді. Алдағы уақыттарда осы жұмыстардың жалғастырылуын сұрады. Еңбек демалысына кететін барлық педагогтарға жақсы демалыс тіледі.

Қаулы:

1. Оқу жылының барлық құжаттары тігілсін, тапсырылсын.
2. ПББ өте алмаған педагогтар ынталандырылсын.
3. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары толықтай жаңартылсын.
4. Шығармашылық ізденіс жандансын, жаңа оқу жылына жаңа көзқараспен келсін.
5. Еңбек демалысына педагогтар кестеге сай жіберілсін.

Директор:
Хатшы:



Г.Х.Есимова
Г.А.Колатова